

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚОРШАҒАН ОРТАДА ЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 7 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

24.04.2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD Г.Б.Тойчибекова, АК мүшесі, академиялық персонал – х.ғ.к. Қ.Т.Сарбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Н.Ә.Әбдімүтәліп, АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.Қ.Ниязов, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Серік Ұ.

Күн тәртібі:

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау
3. Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурса ұсыныс әзірлеу
4. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау.
5. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Тойчибекова Г.Б. Күн тәртібі бойынша ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау, ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау, Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурса ұсыныс әзірлеу, ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, профессор Ә.Т.Мейірбеков алды: Күн тәртібіндегі бірінші бойынша «Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-да оқитын бакалаврлар үшін мүмкіндіктер. Университетте оқу төрт тілде жүргізіледі (қазақ, түрік, ағылшын, орыс), сондықтан төрт тілді меңгеру мүмкіндігі бар. Университет халықаралық және ерекше мәртебеге ие. Әлемнің 19 елінен 41 ұлт пен ұлыс өкілдерінің жастары білім алатын бірден-бір көп ұлтты жоғары оқу орны болып табылады. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелде бір немесе екі семестр білім алуға мүмкіндігі бар. Әлеуметтік жағдайға байланысты оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер алу мүмкіндігі бар..

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ә.Н.Әбдімүтәліп алды: Оқытушы оқытудың пәндік ерекшеліктеріне байланысты техникалық құралдар қолданудың негізгі принциптерін жетік меңгерумен қатар өзінің ақпараттық компетенттілігін дамытуы тиіс. Ол ең алдымен оқу-тәрбиелік істе оқытудың техникалық құралдар қолданысының ұтымдылығын түсіне алу; сабақ жоспарын жаңа технологиялық талаптарға сай құра білу; интегративті түрде сабақ жоспарына кірістіре алу; техникалық құралдарды студенттің танымдық қажеттілігін өтей алатын және оқытушының өзіндік кәсіби құлшынысына сай түрлерін іріктей алу; қорыта келе оқытушы аталмыш техниканы пайдалану тетіктерін меңгеруі нәтижеге жетелейді. Тек осындай алғышарттардың

орындалуы оқытудың техникалық құралдарының әдістемелік және дидактикалық мүмкіншіліктерін ашады.


АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.Қ.Ниязов Конкурстық міндеттемеде оның бастамашысы оның пәнін, сондай-ақ конкурстың бастапқы шарттарын өзі немесе заңнама талаптарына сәйкесанықтайды. Ол осының негізінде тұлғалардың белгісін немесе белгілі бір тобына оған қатысуға ұсыныс жасайды және конкурстың жеңімпазына онымен конкурстық міндеттемелердің мазмұнына сәйкес шарт жасауға міндеттенеді.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ә.Н.Әбдімүтәліп алды: ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау бойынша 2,8 қосымшаларына орталық кітапханамен келісе отырып тізімге қарай жыл сайын жаңа тізім дайындалып тапсырыс береміз.


АК төрағасы Тойчибекова Г.Б.: Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім: . ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау, ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау, Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу, ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау, Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:

 Г.Б.Тойчибекова

Хатшысы:

 Қ.Т.Сарбаева